

“ЕР САЙЫН” ЖЫРЫНЫҢ НҮСҚАЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Фольклортану үшін аса қажет, бірақ көп қолға алынбай жүрген маңызды істің бірі — жекелеген шығармалардың вариант-версияларын салыстыра зерттеу. Мұндай зерттеулер сол шығарманың генезисі мен тарихи поэтикалық ерекшеліктерін ашып қана қоймайды, сонымен қатар әрісі жалпы фольклордың, берісі эпикалық жырлардың теориясына қатысты көп түйткілдерді шешуге көмектеседі. Осы тектес салыстыруға негіз боларлық, зерттелмеген жырлар жеткілікті. Солардың қатарында “Ер Сайын” жыры да бар.

Қазақтар арасында айтылған “Ер Сайын” жырының хатқа түскен және жарияланған нұсқалары айтарлықтай көп емес. Олардың мазмұны бір-бірінен алшақ кетпейді. Қолжазба варианттарды жарияланған мәтіндермен салыстырулар жасау негізінде бұған толық көз жеткізуге болады. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер

институтының қолжазба қорындағы 105-папканың 3 дәптеріндегі “Бозмұнай” деп аталатын нұсқа Ресейдің Чкалов облысының Ішкі істер басқармасының мемлекеттік архивінегі нұсқадан көшірілген. Ол нұсқа архивте 168 қор, 22 іс бойынша тіркелген. Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы қолжазбаға көшірмені растаған архив бастығының қолы мен мөр қойылған. Архивтік нұсқа Р.Игнатъев жинаған фольклорлық материалдармен бірге 1911 жылы Орынбор архивтік комиссиясы мекемесінің төрағасы А.В.Поповтың қолына түскен. Содан кейін жоғарыда көрсетілген қорға тіркелген. Қолжазба сыртындағы “Ескертуде” Р.Игнатъев 1864 жылы Троицк мен Жоғарғы Орал уездінде қолжазбалармен Қазанда басылған ескі кітаптарды жинағаны айтылады [1]. Р.Игнатъев — 1868 жылы құрылған Орыс географиялық қоғамының Орынбор

бөлімшесінің белсенді мүшесі болған [2]. Көшірменің бір дубликаты Әдебиет және өнер институты қорындағы 48-папкада сақталған. Қолжазба машинкада терілген, жалпы көлемі — 54 бет.

Игнатъев жинаған вариант жөнінде жаңаша ой түйге болады. Р.Игнатъев қолжазбаны 1864 жылы тапқан болса, оның хатқа түсу тарихы одан әріге кететіні анық. В.Стасов еңбектерін зерттеген Ж.Дербісалина ғалымның В.В.Радловтың “Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері” жинағымен ол жарияланбай тұрып танысқандығына оның өз естеліктеріне сүйене отырып, нанымды дәлелдер келтірген [3,21-22]. В.Стасов осы естелігінде Радлов еңбегінің I және II томдары ол тұста тасқа басылған, бірақ жарыққа шықпаған еді, ал III том тіпті терілмеген де болатын деген мәлімет береді. Біздің ойымызша, Радлов томдарының алғы сөзі мен түсіндірмелері В.Стасов оқыған кезде неміс тілінде, ал ондағы мәтіндер латын қарпінде болған тәрізді. Өйткені ғалым “Ер Сайын” туралы 1868 жылы пікір білдіргенде, В.В.Радлов еңбегінің немісше нұсқасына [4] сілтеме жасаған. Әңгіме болып отырған екі мәтіннің түпкі негізі бір болуы мүмкін. Бірақ бір-бірінен жасалған көшірме емес деп ойлаймыз. Екеуіндегі айырмашылықтар елеулі.

Жоғарыда аталған 105 папканың 2 дәптерінде Қ.Иманов жинаған, латын әрібімен жазылған “Ер Сайын” деп аталатын нұсқа қорға 1939 жылы келіп түскен, көлемі — 40 бет. Қолжазбада жинаушы, айтушы туралы мәлімет жоқ. Оның мәтіні де жоғарыдағы варианттарға ұқсайды. Қ.Иманов және Р.Игнатъев варианттарын салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтар көзге түседі. Енді соған біршама тоқтала кетейік. Бұл нұсқалардың бірінде бар, екіншісінде жоқ жыр жолдары мен түйдектерді бере отырып, екі қолжазбаның сәйкес беттерін де көрсете кетуді жөн көрдік.

Р.Игнатъев қолжазбасында	Қ.Иманов қолжазбасында
Біздер бүйтіп жүрмелік,	Қызыл шапан кимедік,
Бүйтіп жүріп өлмелік.	Қырыншыл атқа мінбедік.
Ноғайлының елінде	Ноғайлының керме қас
Қызылдан шекпен кимедік,	Жігіттей дәурен сүрмедік,
Жақсы атқа мінбедік.	Өтерін дүние білмедік.
[1,3],[5,2]	[1,2], [5,2]

Бозмұнай сонда тұрады,	Ашамайға мінгізіп,
Шошып кетіп оянып.	Көш алдына жүргізіп,
Бұны көрген бишара	Әзер тәуір құрбың ең,
Азар тұрды таянып,	Алдына алып сүйгізіп,
Жар бола көр бабам деп.	Елде атын білгізіп,
Бабасы сонда сөйледі,	Не қызығын көрмедім
Сөйлегенде не деді:	Астына жорға мінгізіп.
От айнала отырып,	Үстіне қамқа кигізіп,
Оттың басын толтырып,	Орынды жерге бергізіп,

Көпті алдың ба сен деді.
Бозмұнай сонда сөйледі,
Сөйлегенде не деді.

[1,5], [5,7]

Ноғайлы жұрты жиылып,
Қылғанына таң қалды.
Жеті жасқа келгенде
Жеке жұртты күзетті.

[1,14], [5,9-10]

Елден бекзат келтіріп,
Қыз қызығын көрмедім.
Еркіне түскен дұшпанның
Жау қорлығын көрмедім.
Алыстан келген сол жауға
Малым үшін өлмедім.
Құлдан қорлық көргенше,
Күнде бүйтіп өлгенше,
Сүймес бендең мен бе едім.
Тезірек өлім бермедім.

[1,4], [5,3-4]

Міне осылайша бірінде бар, екіншісінде жоқ жыр жолдары көптеп кездеседі. Нақтырақ айтар болсақ, екі нұсқаның сәйкес келетін тұстарында Қ.Имановта бар, бірақ Р.Игнатъевта кездеспейтін жыр жолдарының жалпы саны 590-нан асады. Ал Р.Игнатъев нұсқасына ғана төн жыр жолдары 530 шамасында. Бұған қоса, нұсқалардың соңғы жағындағы 50-ден астам жыр жолдары бір-бірімен мүлдем сәйкес келмейді. Сонда екеуіне ортақ жыр жолдары 900 жолға да жетпейді. Демек екі нұсқаның үштен бірінен көбі бір-біріне ұқсамайды. Бірақ сюжеттік желіде өзгеше айырмашылықтары жоқ. Екі варианттың соңында ғана аздаған оқиғалық ерекшеліктер бар. Қ.Имановта оқиға Сайын мен балалары жауды жеңген соң, Қобыландының Бөкенбай мен Киікбайға бата беруімен бітеді. Ал Р.Игнатъев нұсқасының аяқ жағында Сайынның анасы Қобыландының берген сәлемін алмай қояды. Сайынға опасыздық жасап, жазықты болғанын білген Қобыланды жеті күндей күтіп жүріп, Бозмұнайдың ризашылығын алады. Бөкенбай мен Киікбайға бата беріп, еліне қайтады. Сондай-ақ Қ.Имановта Сайынды жау қолына тастап, қашып келген қырық жігіттің Аюбикеке берген өтірік жауабы кең түрде берілген [5,29]. Бұл жолдар Р.Игнатъевта жоқ. Екі варианттағы сәйкес келетін жолдарда да стильдік айырмашылықтар бар.

“Бозмұнай” ертерек хатқа түскендіктен және оны жазып алған кезде кирилл жазуының қазақ тіліне лайықталған жүйесі қалыптаспағандықтан, мәтін сөздердің дыбысталу ерекшелігіне бейімделіп таңбаланған. Қолжазба сыртындағы мәліметте мәтін туралы нақты деректер берілмегенімен, Р.Игнатъевтің ескі қолжазбаларды қарап шыққаны туралы айтылғанын жоғарыда атап өттік. Осыдан келіп, Р.Игнатъев “Бозмұнайды” да ескі қолжазбадан көшірген болуы керек деген ой тууы ықтимал. Бірақ қарапайым сөздердің қате жазылуынан және кейбір жазылмай қалған жыр жолдарының орны сезіліп тұруынан мәтіннің ауызша айтудан тікелей жазылғаны аңғары-

лады. Мұндай олқылықтар, әдетте, ауызша айтудан жазылған кезде орын алады. Егер мәтін араб жазуынан тікелей көшірілген болса, онда бұл тектес қателер көп болмас еді. Мәтіндегі жыр бастамасының дәлме-дәл транскрипциясы төмендегідей:

Бурынги халькоскдын- барында
 Уткен ельдин- зан-ында
 Сол ельдердин сон-ында
 Ногайлы деген халоск отди
 Отыз уш шарбакты кент отди
 Заманында сол кентдын
 Жарлык зары уткенсон
 Кырмзы кзыл жгитдын
 Бетдеринан кан кетди
 Заманында сол кентдин
 Аур даулет мал кетди

Жырды тікелей жазып алған Р.Игнатъевтің өзі ме, жоқ әлде ол дайын мәтіннен көшірді ме деген сұрақ өз-өзінен туындайды. Біздің ойымызша, Р.Игнатъев оны дайын мәтіннен кирилл жазуына көшірген немесе көшірткен. Бірақ көшірмеге негіз болған мәтін ауызша айтудан тікелей жазылған болса керек. Өйткені бұл вариантта басқа нұсқаларда бар Сайын мен Қобыландының жауға баруы, жауырыншының бал ашуы, Қобыландының бал ашушы сөзінен қорқып кейін қайтып кетуі, Ер Сайынның жауға шауып, жаралы болуы баяндалатын сюжет бөлігі жазылмай қалған. Егер жырды Р.Игнатъевтің өзі тікелей жазып алған болса, онда маңызы күшті бұл эпизодтарды қалдырып кетпес еді. Демек ол көшірген қолжазбаның осы эпизодтары бар беттері жоғалған немесе оқылуы мүмкін емес жағдайда болған (жазуы өшіп кеткен, су тиіп бүлінген т.с.с.) деп есептеген жөн. Бірақ қалай болғанда да оның ауызша айтудан жазылғаны аңғарылып тұрады. Бұл, әсіресе, жоғарыда айтып өткеніміздей, мәтінді асығыс жазу барысында қалып қойған жыр жолдарының орны мен ойдың толық аяқталмауынан байқалады. Мысалы, варианттың соңғы жағындағы жолдарға назар аударсақ, осы ерекшелік бірден көзге түседі.

Неше күндей жол жүріп,
 Шаһарына жетісті.
 Шын тойын қылғасын,
 Талай малын қырғасын,
 Тойын қылып болғасын,
 Қобыланды батыр
 Қайта бер бата.
 Киікбай менен Бөкенбай
 Қабан туған ер екен.
 Жел жағыңа тасада
 Тыныш ұйықтап жата бер.
 Өзіміз іздеп бармалық.

Алыстан келген жау болса,
 Соғыспай тірі қалмалық.
 Қобыланды батыр бата бер,
 Бата бер де қайта бер.
 Бөкенбай мен Киікбай
 Қабандай туған ер екен,
 Ауылыңа айта бар.
 Құрмет қылып жөнетгі
 Қобыландыдай атасын.
 Қолын жайып Қобыланды
 Балаға берді батасын.

Бұл жолдардың алғашқы бесеуі және соңғы төртеуі жырлаушы сөзі болса, қалған жолдары кейіпкер сөзі. Бірақ ол қай кейіпкердің кімге айтқаны, не себеппен, қандай жағдайда айтқаны белгісіз күйде қалған. Ол мәліметті білдіретін жыр жолдары жазылмай қалған. Нұсқаның өн бойында мұндай қалып қойған жолдар көп.

“Ер Сайынның” барлық варианттары бірыңғай жыр жолдарынан тұрады. Тек “Бозмұнайдың” ғана бас жағында қара сөздік баяндау бар. Жоғарыда көрсетілген “Бұрынғы елдің барында”, – деп басталатын экспозициялық бөлім мұнда кейіпкер сөзі ретінде берілген. Осы жолдардың алдында “Ногайлының заманында бір Бозмұнай дегеннің бала жоқ болғаннансын айтқан толғауы” деген сөйлем бар.

“Бозмұнай” жырының айтушысы Көшелек Еламанов болуы мүмкін. Өйткені Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 48 папкада берілген мәліметте Р.Игнатъев жинаған “Қобыланды” жырының К.Еламановтан жазылып алынғаны айтылған. Осы папкада “Бозмұнай” мәтінінің бір дубликаты сақталған. К.Еламанов (1874–1951) бұрынғы Орал обылысының Гурьев уезді, Қарабала болысында өмір сүрген. “Ақын-жыраулар” атты библиографиялық көрсеткіште ол туралы мынадай мағлұмат берілген: “Жас кезінде Қобда, Елек, Шыңғырлау өңіріне белгілі ақын Жолмағамбет Сағынтайұлының қасына еріп, ән-күй, жыр-дастан үйренеді. “Қобыланды”, “Орақ-Мамай”, “Көрұғлы”, “Шора батыр”, “Ер Сайын”, “Әрайна мен Күлайна”, т.б. дастандарды жаттайды. Орал, Ақтөбе, Гурьев, Орынбор аймағын аралап жыр айтады” [6]. Осы дерек “Бозмұнайдың” К.Еламановтан жазылғанына деген сенім туғызады. Бірақ филология ғылымдарының докторы О.Нұрмағамбетова “Бозмұнайдың” жырлаушысын Қазақбай жырау деп көрсеткен. “XX ғасырдың басында қазақ эпосына қатысты жинау жұмысы біршама жанданады. 1901 жылы “Тургайская газетаның” беттерінде “Қобыланды” мен “Ер Сайынның” мәтіндері

жарияланады. 1906 жылы Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының тапсырмасымен жергілікті мұғалімдер Қазақбай ақыннан “Қобыланды”, “Бозмұнай” және басқа да эпикалық туындыларды анықтайды өрі жазып алады” [7,77], — дейді ол. Қазақбай жырау туралы толыққанды мәлімет жоқ. Библиографиялық көрсеткіштер мен ақын-жыраулар туралы еңбектерде Қазақбай жөнінде мағлұмат берілмеген.

В.В.Радлов жариялаған “Сайын батыр”, “Ер Тарғын” жырларын Н.И.Ильминский жазып алған болатын [8]. Е.Ысмаиловтың айтуынша, Ильминский оларды Марабай жыраудан жазып алған [9]. Алайда Ильминскийдің оны қашан жазып алғаны мәлім емес. Оның “Ер Тарғынды” 1859 жылы жазып алғанын есепке ала отырып, “Сайын батырды” да сол шамада хатқа түсірген болу керек деп жобалауға болады [10]. “Сайын батырдың” мазмұны “Бозмұнайға” өте ұқсас. Р.Игнатъев жазып алмаған тұстардың кейбірі В.В.Радловта толық. Бұған мысал ретінде нұсқа соңындағы жолдарды келтіруге болады. Жоғарыда берілген “Бозмұнайдың” соңғы жағында қалып қойған жолдар қандай болғанын “Сайын батырдан” аңғара аламыз.

Р.Игнатъевтің “Сайын батырдың” мәтінінен хабары болмағаны байқалады. Егер Игнатъев Радлов вариантын білсе, онда сол кездің ғылыми принциптеріне орай, өзіндегі мәтіннің кем-кетігін “Сайын батырдан” алып толықтырған болар еді. Сюжеттік желісінде айырмашылығы жоқ деуге болатын осы нұсқаларды жырлаушылардың қайсысы қайсысынан үйренгені белгісіз. Марабай жырау Көшелекпен де, Қазақбаймен де таныс болған болуы керек. Олардың бәрі бір өлкеде өмір сүрген адамдар.

В.В.Радлов вариантына өте жақын нұсқа — Мәшһүр Жүсіп Көпеевтікі. Ол екеуін дербес вариант деуден көрі редакциялық нұсқа деген дұрыс. М.Ж.Көпеевте де, В.В.Радловта да бір-бірінде жоқ жолдар бар. Бірақ оның мөлшері аса көп емес. Артық жолдардың дені М.Ж.Көпеевте. Ал Радловтағы мұндай жолдардың көлемі екеуден аспайды, онда да олар санаулы ғана. Радловтағы осындай екіден артық, Мәшһүр Жүсіптегі төрттен артық жолдарды берсек, оның көрсеткіші төмендегіше болмақ (екі нұсқадағы сәйкес беттер көрсетіледі):

В.В.Радловта
Байлығының белгісі
Малы алашқа таң болған,
Байлығының белгісі
[12,206], [11,171]

Сол заманда аз екен
Хан да билер қуанысты,
[12,213], [11,178]
Шешем берген үйімде
Сол дәрісі бар ма екен?
[12,240], [11,207]

М.Ж.Көпеевте

Тезінен өлім бермедің,
Құлдан қорлық көргізіп,
Айналайын бар құдай,
Қойғаның бүйтіп сенделтіп.
[11,173], [12,209]

Сонда өулие сөйлейді.
Сөйлегенде бүй дейді:
- Өзің іздеп бармадың,
“Берші маған бала” — деп,
Мазамды қинап алмадың,
Үйде жатып зарладың.
[11,174], [12,210]

Сайынды іздеуге кетеді.
Бір күндері болғанда,
Жылқыға таман жетеді.
Құрағатып жүрген ер,
Жолығыса кетеді.
[11,184], [12,219]

Жалғыз өзі көп жаумен,
Ұрысуға ойлады.
Жақындасып келгенде,
Қобыландының қасында.
(Сонда)

—Мен бармаған ел бар ма,
Ер Сайынға тең бар ма!?
Келін де болса сүйеніп,
Аз ғана күн тұрмаққа.
Қимағанмен бұ малың,
Апара ма жұмаққа.
Бай көңіліне жақпады.
[11,187], [12,222]

Қырық жігіт тұрып ойласты,
Айтпасақ та болмас-ты,
Жанып келген жас бейбақ
Айтқызбай ерікке қоймас-ты.
[11,202], [12,236]

Ноғайлының кең шаһаріне,
Сайын есен барарсың.
Жар бола көр аллам-ай
Ер-тоқымын арқалап,
Боз атқа келді “аллалап”.
[11,210], [12,243]

Екі нұсқадағы елеулі айырмашылықтар сипаты осындай. Көрсетілген айырмашылықтардың ауызша жырлану нәтижесі емес екені байқалады. Өйткені М.Ж.Көпеевтегі артық жолдар ауызша жырлануда көп қолданылатын дәстүрлі тіркестер емес, даралық шығармашылыққа тән ерекшеліктерімен көрінеді. Оның үстіне, Көпеевтегі артық жолдардың дені діни ұғым-

түсініктермен байланысты екені байқалады. Діндар ақынның мұндай жолдары өз тарапынан қосуы қиын емес. 1-3 тармақ көлеміндегі айырмашылық мөлшері де көп емес. Жыр жолдарындағы сөз айырмашылықтары да елеусіз. Ауызша жырлануда мұндай ұқсастық деңгейінің сақталуы қиын. Сондықтан осы нұсқа туралы пікір айтқан зерттеуші Н.Қ.Жүсіповтің: “Яғни бұл ұқсастықтардың болу себебі: не екі жинаушы да ел аралаған жерлерінің сайма-сай келуі, не екеуінің де бір қолжазбадан көшірілгендігі деп ескердік. Әсіресе соңғы ойымыз шындыққа неғұрлым жақын келеді. Егер де Мәшһүр Жүсіп В.В.Радловтан көшірді көшірді дейін десек, біріншіден, текстер ешқандай өзгеріссіз, сөзбе-сөз дәл шығуы керек. Оған жоғарыдағы келтірген мысалдарымыз сәйкес келмейді (Н.Қ.Жүсіпов те екі нұсқа арасындағы кейбір айырмашылықтарды көрсеткен, бұл жерде соны айтып отыр – Г.А.). Екіншіден, Мәшһүр-Жүсіп кімнен алса да ескертіп отыратындығын есте ұстаған жөн” [13], – деген пікірінің қолдайтын жақтары көп. Бірақ біз жоғарыда айтқанымыздай, екі жинаушыны нұсқаны бір-бірінен, дәлірек айтқанда, Мәшһүр Жүсіп В.В.Радловтан көшірген деп ойлаймыз. Егер, Н.Қ.Жүсіпов айтқандай, Мәшһүр Жүсіптің өзі көшірген жазбаны кімнен көшіргенін әрдайым белгілеп отыратынын, бірақ Радлов жазбасын көрсетпегенін есепке алып, ол жазған көшірмеге Радлов нұсқасы негіз болмаған деп санайтын болсақ, онда бір жақты кеткен болар едік. Өйткені Мәшһүр Жүсіп Радлов нұсқасы болмаса, өзі пайдаланған басқа жазбаны да көрсеткен болар еді немесе ауызша айтудан жазған болса, оны да айтуы керек еді. Ал бұның ауызша айтудан жазылуы күмәнді. Жоғарыда айтқанымыздай, ауызша айтуда екі нұсқа арасындағы ұқсастық осы дәрежеде сақталмаған болар еді. Сондықтан Н.Қ.Жүсіповтің көшірме жөніндегі пікірінің нанымды дәлелі аз. Біздің Мәшһүр Жүсіп Радловтан көшірді деген ойымызға негіз болған айғақ – ақынның В.В.Радлов жазбасын анық білуі. Бұған оның: “Тарғын”, “Сайын”, “Қозы Көрпеш”, “Ақбала”, “Қожамберділерді” Радлов жинап алмағанда, бұлардан бұл күнде тамтық қалмайтын еді” [10,85], – деген сөзі дәлел бола алады. Бұдан М.Ж.Көпеевтің В.В.Радлов қолжазбасын анық көргенін, оқығанын аңғарамыз. Ал оның осы қолжазбаны көріп-біле тұра, осыған өте ұқсас басқа мәтін іздеуі тағы қисынға келмейді. Сондай-ақ ақын В.В.Радловтың қолжазбасымен ғана емес, өзімен де жақсы таныс болған [6,83]. Бұны-

мен бірге “Ер Сайын” жырының Батыс Қазақстанда, онда да Орынбор атырабында жырланғаны байқалады. Ал Мәшһүр Жүсіптің ол жақтан фольклор үлгілерін жинамағаны анық.

Мәшһүр Жүсіп пен Радлов нұсқалары бір-біріне өте жақын болса, Р.Игнатъев вариантының олардан айырмашылығы жекелеген жыр жолдарынан ғана емес, кіші-гірім эпизодтардан да байқалады. Мысалы, Сайын туылғанда Бозмұнайдан сүйінші сұрап баратын әйелдердің дүние-мүлікке таласуы туралы мына жолдар Радловта да, Мәшһүр Жүсіпте де жоқ:

Баланы көріп қатындар
Бәрі байға жүгірді.
Сүйіншіге таласып,
Бірін-бірі сабасты.
Сөйте тұрып көп қатын
Жүгініске барады,
Байдың берген жүз жылқы
Бәрі бөліп алады [1,9].

Р.Игнатъев нұсқасын айтушы жыршы осы жолдарды бұрынғы жырдың өз ішінен алған болуы керек. Өйткені осыған ұқсас жыр жолдары Радлов пен Мәшһүр Жүсіпте бар. Бірақ оларда бір-бірімен таласып, төбелесетін қатындар емес, хан мен билер. Оларды көрсетер болсақ, төмендегідей:

Радловта:

Хан мен билер отырып,
Жорға менен торқаға
Қоймай жатып таласты.
Қымыз ішіп мөз болып,
Билер есінен адасты.
Адасқанның белгісі,
Бірін бірі өлтіріп,
Жағасына жармасты.
Жұдырықтасып жүргенде,
Мұрындары қанасты

Мәшһүр Жүсіпте:

Хан мен билер ұрысты [12,213].
Хан мен билер отырып,
Жорға менен торқаға,
Қоймай жатып таласты.
Қымыз ішіп мөз болып,
Билер есінен адасты.
Адасқанның белгісі,
Бір-бірінің ұмтылып,
Жағасына жармасты.
Жұмырықтасып жүргенде,
Мұрындары қанасты.
Хан мен билер ұрысты,
Зәһәмәләсіп тұрысты.
Көрген құрбы-сыйласы
Қызылшеке болысты [11,177-178].

Р.Игнатъев нұсқасын жырлаушы хан мен билерге лайықсыз іс-әрекетті қатындарға алмастырып, жырға реалды сипат берген әрі тың эпизод тудырған деп есептеуге болатын сияқты.

А.Байтұрсынов жариялаған нұсқаның да өзіндік ерекшеліктері бар [14]. Ғалым Р.Нұрғалиев “Ақ жол” жинағына алғы сөз орнына жазған “Алып бәйтерек” атты мақаласында оны Радлов вариантымен байланыстырады [15]. Алайда А.Байтұрсыновтың өзі жариялаған кітаптың мұқабасына “Жыршылар аузынан алып, өңдеп өткеруші — Байтұрсынұлы Ахмет”, — деп жазуы ойлануды қажет етеді. Бірақ бұдан А.Байтұрсынов өзіне дейінгі нұсқаларды мүлдем қарамаған деген ой тұмауы керек. Керісінше, ол Радлов немесе Мәшһүр Жүсіп варианттарының бірін негіз ете отырып, өңдеген бөлімдерін жыршылар аузынан алған сияқты. А.Байтұрсынов нұсқасы мен Радлов нұсқасында бір мазмұнның әр түрлі формада берілуі жиі кездеседі. Басы артық жолдар саны В.В.Радовта көп. Солардың да басты-бастыларын бере кетейік:

Жиылып тұрған ноғайлы,
Мына туған перзентім,
Арылып тұр бейнетім,
Біреп аттан үлкенін мініңіз,
Қалаған киім киіңіз,
Атын жөндеп қойыңыз,
Ат қоярға келгенде,
Айдалада түсе салып,
Жүрегі жүрген жарылып,
Мына туған перзенттің,
Қолында бар дәулетің,
Не қылсаң да жарасар,
Мынаның атын сұрасаң,
Мұның аты — Бөкенбай,
Ең кішісі Күйікбай,
Бөкенбай қоя берді,
Бөкенбай да сол бала,
Бір жасына толғанда,
Сонда келді Қобыланды.
[12,227-228]

Ақ төбенің басына,
Шыға келсе Ер Сайын,
Қалмақтың көрді сансызын,
Қаланы көріп таң қалды,
Қасындағы қырық жігіт,
Жанынан қорқып сандалды.
Төмен қарап жыласты,
“А, Қырық жігіт жылама?
Сіздер кейін қалыңыз,
Таса жерге барыңыз!
Есен болса жаныңыз,
Жақсылығы бар болса,
Бұл заманда ұрыста,
Өзің теңдес жау болса,
Маңайыңа жуытпа!
[12,229-230]
Әйел түбі дұшпан-ды.
-Қызық көрме Ер Сайын!
Біз кетті деп ұрысқанда.
Мен кетсем де аларсың,
Тірі болсаң кегінді,
[12,243]

А.Байтұрсыновта Мәшһүр Жүсіп нұсқасында бар, Радловта жоқ жолдардың кейбірі кездесіп қалады. Бірақ Мәшһүр Жүсіптегі артық жолдардың бәрі түгел қайталанбайды. Дегенмен жеке-жеке жыр тармақтарының көбірек сәйкес келуіне қарап, А.Байтұрсынов Мәшһүр Жүсіп вариантын негізге алған деп айтуға болады. Ол осы варианты пайдалана отырып, жырды айтушылардың біреуінен қайта толықтырып алған болуы керек. Бұл — А.Байтұрсынов вариантының өзіндік ерекшелігі.

А.Байтұрсыновтың 1910—1919 жылдар аралығында Орынборға жер аударылғаны, сол жақта “Қазақ” газетін шығарғаны, түрлі саяси істермен айналысқаны белгілі. Ол бұған дейін, Қарқаралыда екі сыныптық училище меңгеушісі бола жүріп, 1901 жылдар шамасынан бастап фольклор үлгілерін жинаған [15,3-4]. Ол Қарқаралыда М.Ж.Көпеевпен, Орынборда Қазақпаймен де, Марабаймен де, Көшелекпен де танысқан болуы мүмкін. Біздің ойымызша, А.Байтұрсынов Мәшһүр Жүсіптен алған нұсқаны Орынбор жыршыларының айтуымен қайта өңдеген. Жырды А.Байтұрсыновтың қайта өңдегендігіне оның жариялаған кітап мұқабасындағы жоғарыда келтірілген сөзінен ғана емес, нұсқаны Р.Игнатъев вариантымен салыстыру арқылы да көз жеткізуге болады. Өйткені бұл нұсқада Радлов вариантының да, Р.Игнатъев вариантының да ерекшеліктері аралас кездесіп отырады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Р.Игнатъев нұсқасындағы сүйіншіге таласқан қатындар туралы эпизод мұнда да бар және хан мен билердің туылған балаға ат қоюға таласып төбелесуі жоқ. Сүйіншіге таласқан қатындар жайлы эпизод А.Байтұрсыновта былай берілген:

Баланы көріп қатындар
Бозмұнайды қамасты,
Бәрі бірдей жүгіріп,
Сүйіншіге таласты,
Бірін-бірі сабасты,
Мұрындары қанасты.
Таластан соң қатындар
Жүгініске барысты.
Жүз жылқыны бай берген
Бәрі бөліп алысты [15,104].

А.Байтұрсынов вариантында бұдан басқа да Мәшһүр Жүсіп пен Радлов нұсқаларында кездеспейтін, бірақ Р.Игнатъевте бар жыр жолдары аз емес. Бірақ олар дәлме-дәл қайталанбайды, аздаған стильдік айырмашылықтармен көрінеді. Дегенмен А.Байтұрсыновта Р.Игнатъевтағы өзгеше жолдардың бәрі түгел кездесе бермейді. Бұдан А.Байтұрсыновтың бұрынғы қолжазба нұсқаны сол қалпында пайдаланғысы келмегенін көреміз. Р.Игнатъевтағы өзгерістер мұнда да кездескенімен, А.Байтұрсынов бұл вариантты да пайдаланған деуге келмейді. Егер ол оны пайдаланған болса, жоғарыдағы басқа варианттарда жоқ жолдар мен түйдектердің көбі енгізілер еді. Шамасы, А.Байтұрсынов Мәшһүр Жүсіп нұсқасын Р.Игнатъев жазып алған жыршыдан немесе содан үйренген басқа бір айтушыдан толықтырған болуы керек.

Қ.Иманов вариантының бұл үш нұсқадан да елеулі айырмашылықтары бар. Қ.Имановта А.Байтұрсынов нұсқасында кездеспейтін жолдар бар. Мұндай жыр жолдарының саны көп. Ал Қ.Имановта кездеспейтін А.Байтұрсынов нұсқасындағы жолдар саны одан әлдеқайда артық. Дегенмен бұлардың арасындағы айырмашылықтан ұқсастық басым. Қ.Иманов нұсқасына негіз болған жоғарыдағы қолжазбалардың бірі екенін онай аңғаруға болады. Бірақ нұсқаға соның қайсысы негіз болған деген мәселеге келгенде, біз оны Радлов пен Мәшһүр Жүсіп вариантының біреуі деп ойлаймыз. Өйткені жоғарыдағы А.Байтұрсыновта жоқ жолдар осы екеуінде бар. Сонымен бірге А.Байтұрсыновта тыңнан қосылған жолдар мұнда жоқ. Мәселен, Р.Игнатъев пен Байтұрсынов нұсқасындағы қатындардың сүйіншіге таласуы Қ.Имановта кездеспейді, мұнда да басқа екі нұсқадағыдай, төбелесетіндер хан мен билер болып көрсетіледі. Ал Иманов вариантына осы екеуінің қайсысы негіз болуы мүмкін деген сұраққа Радлов нұсқасы деп жауап бере аламыз. Себебі мұндағы сирек кездесетін сөздер мен сөз тіркестері осы екеуіне ортақ. Мысалы, Радловтағы “Қармап етін алады” [12,218] жыр жолын Мәшһүр Жүсіп “Құлдан өшін алады” [11,183] деп өзгерткен. Ақынның мұндай өзгеріс жасауының себебін түсіну қиын емес. Ескі жаугершілік замандардың шындығымен байланысты туған бұл ұғым жаңа заман адамына түсініксіз көрінуі мүмкін. Сондықтан ақын оны түсінікті жыр жолымен алмастырған. Ал Қ.Иманов нұсқасында бұл, жоғарыда келтірілген жолдардан байқағанымыздай, Радловтағы күйінде қалған. Сондай-ақ М.Ж.Көпеев өз жанынан қосқан “Зәһәмаласып тұрысты” деп келетін араб-парсы сөздері араласқан жыр жолдары Радловта да, Имановта да жоқ. Осыдан келіп, Қ.Иманов нұсқасының Радлов вариантымен байланыстылығы айқындалады. Бірақ бұдан Қ.Иманов нұсқасын айтқан жыршы Радлов вариантын тікелей оқыған деген ой тұмауы керек. Өйткені Радлов нұсқасы Мәшһүр Жүсіптің қолында да болған. Ол да жырдың кейінгі ауызша таралуына негіз болуы мүмкін.

Аталған нұсқалардың ішінде Р.Игнатъев вариантының өзіндік ерекшелігі көп. Алайда ауызша айтудан жазып алу барысында хатқа түспей қалған сөздер, тіркестер мен жыр жолдары вариантының өзіндік ерекшелігін толық тануға елеулі кедергі келтіреді.

Бізге жеткен келесі бір нұсқа — Шыңжан қазақтарының аузынан жазылып алынған Тәу-

кебай нұсқасы. Нұсқа жарияланған кітапта жыр мәтінінен кейін берілген мәліметте былай делінген: “Айтып берген: Тәукебай Сағатұлы (1911—1986) Көлбай ауылы, Көлбай қыстағының тұрғыны. Жинап реттеген: Бөлеш Қалиұлы. 1986 жыл” [16]. Ал айтушының кімнен үйренгені туралы мағлұмат жоқ. Варианттың көп тұстары жоғарыдағы нұсқаларға ұқсайды. Жырдың кіріспесі де бұрынғы варианттардан көп алыс кетпейді. Бұл нұсқаның да алдыңғы варианттармен тығыз байланыстылығы бірден байқалады. Бұрынғы нұсқалардың бәрінде дерлік қайталанып жыр жолдарының дені мұнда да көптеп ұшырасады. Аталмыш варианттың алдыңғылардың қайсысынан негіз алғандығына назар аударар болсақ, оның А.Байтұрсынов вариантына көбірек жақын екенін аңғарамыз. Алайда, мұнда А.Байтұрсыновта жоқ, М.Ж.Көпеев пен В.В.Радловта бар ерекшеліктер де, азда болса кездесіп қалады. Мысалы, бұл нұсқада Р.Игнатъев пен А.Байтұрсыновта бар қатындардың сүйіншіге таласу эпизоды да, Радлов пен Мәшһүр Жүсіптегі хан мен билердің балаға ат қоюға таласуы да бар. Бірақ олар дәлме-дәл қайталанбайды, төмендегіше беріледі:

Мұны естіп хан мен би,	Сүйінші сұрап қатындар,
“Мен табам” деп таласты,	Бозмұнайды қамасты,
Қымыз ішіп бөгісті,	Сүйіншіге таласты,
Естерінен адасты.	Мұрындары қанасты,
Бірін-бірі сабасты,	Жүз жылқыны бай берген,
Мұрындары қанасты [16,219].	Бөліп алып тарасты [16,218]

Бұларды жоғарыдағы басқа варианттардан келтірілген осы эпизодтармен салыстырып қарар болсақ, аздаған стильдік өзгерістерді ғана көреміз. Осы сияқты ерекшеліктерді ескере отырып, нұсқаны айтушы Тәукебай Сағатұлы немесе ол жырды үйреніп алған жырлаушы әуел баста А.Байтұрсынов жариялаған “Ер Сайын” кітабын да, Ә.Диваев жариялаған “Батырлар” жинағын да оқыған деп есептеуге болады. Ол өз нұсқасын осы негізде жырлаған. Дегенмен, ол А.Байтұрсынов вариантына көбірек сүйенген сияқты. Өйткені мұнда А.Байтұрсыновтағы ерекшеліктер көбірек кездеседі. Мысалы, Сайынның есімін тауып қоятын шал бейнесі мұнда А.Байтұрсыновтағыдай суреттеледі [16,220].

Тәукебай Сағатұлының нұсқасының да Қ.Иманов варианты сияқты біршама ауызша жырлану айналымына түскені байқалады. Мұны, әсіресе, жер-су, кісі аттарының өзгеріске түсуінен аңғара аламыз. Бұрынғы нұсқаларда бала тілеген Бозмұнайға бала беретін пір Баба Омар (немесе Баба

Өмір) деп аталса, бұл жерде Қызыр деп айтылады. Сайынның жары Аюбике немесе Аюбикеш деп емес, Аюбекет деп аталады. Сондай-ақ бал ашатын жауырыншының аты бұрынғы нұсқаларда Қара Құныс, Қара түсті болса, бұл нұсқада “Қобыланды батыр” жырындағыдай Қара Боқан делінеді. Бас қаһарманның жаудан жаралы болып, тығылып жататын жері Ақтөбе деп аталса, мұнда Қара төбе деп айтылады. Осы тектес өзгерістер едәуір уақыт ауызша жырланудың нәтижесі деп қараған жөн. Бірақ кейінгі айтушылар жырға сюжеттік өзгерістер жасай алмаған. Оның есесіне, жырдың көп жерін қысқарта жырлаған. Кей тұстарда оқиғалар арасын жалғастырушы жыр жолдары алынып тасталынған. Бір оқиға мен екінші оқиға арасы түсіндірме сөздерсіз, күрт жалғасып жатады. Мысалы, Қызырдың Сайынға балаларының болашағын айтып, аян беруінен соң, Көбіктің қызын ұзатуын білдіретін мына жолдар бірден жалғасып кетеді:

Ат ерттеуге құл беріп,
Түйе үстіне күң беріп,
Ұзатты қызын той жасап [16,238].

Сол сияқты Қобыландының жауға шаппай, елге қайтуы жайлы айтылған соң, Сайынның қырық жігітке сөйлеген сөзі кімнің айтқаны хабарланып жатпай-ақ беріле салады [16,241]. Мұндай ерекшелікті нұсқа бойынан көптеп кездестіруге болады. Осындай қысқартулар нәтижесінде жыр көлемі едәуір азайған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп варианты 1980 жолдан асса, бұл нұсқа 1120 жолдан сөл ғана артық. Бұдан нұсқа көлемінің қаншалықты қысқарғанын аңғаруға болады. Тәукебай вариантында тыңнан қосылған нәрсе мүлдем жоқ деуге де болмайды. Мұнда аздаған жаңалықтар бар, бірақ ол, жоғарыда айтып өткеніміздей, сюжеттік желіні өзгерте алмаған. Бұдан жырлаушылардың жырға өзгеріс жасауға талпынбағаны байқалады. Ал ұмытып қалу немесе жаңылысу сияқты құбылыстар негізінде пайда болатын өзгерістің көп кездеспеуі нұсқаның қолжазбадан я болмаса кітаптан жатталғанынан болса керек.

“Ер Сайын” жырының түрлі нұсқаларын мәтіндік тұрғыда терең үніле салыстыруымыздың өзіндік себептері бар. Ерте замандардан айтылып келе жатқан жыр нұсқаларының бір-біріне мұншалықты жақын болуы ерекше қызығушылық туғызбай қоймасы анық. Осы ерекшелік себебі бұрынғы зерттеулерде ашып көрсетілген жоқ. Солай болуы заңды да. Өйткені жігіт текстологиялық салыстыруларсыз бұған толыққан-

ды жауап беру қиын. Мәтіндік салыстырулар нәтижесінде “Ер Сайын” жырының нұсқаларын қолжазбалық негізде бір түбірден тараған деген қорытындыға келеміз. Бізге жеткен қолжазба нұсқалардың арасында айталықтай сюжеттік айырмашылықтың болмау себебі осында жатыр.

Р.Игнатъев вариантының қолжазба мәтіннен жазылғаны туралы дәлелдер айтылды. Біздің ойымызша, бұл вариантқа негіз болған қолжазба Н.И.Ильминскийдің Марабайдан жазып алған мәтінінен жаттап айтқан жыршыдан жазылып алынған болуы керек. Ильминскийдің Марабаймен кездескені, одан “Ер Тарғынды” жаздырып алғаны, сөйтіп Қазаннан кітапша етіп шығарғаны анық. Мұны әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағында жарияланған Н.И.Ильминскийдің өз естелігінен көре аламыз [17]. Ильминскийдің тапсыруымен Марабайдан “Ер Тарғынды” жазып алған қазақ мұғалімдері жыраудан кейін де байланысын үзбеген болуы керек. Солардың бірі “Ер Сайынды” да жазып алып, Ильминскийге тапсырған сияқты. Жырдың В.В.Радлов қолына Н.И.Ильминский қорынан түсуі соны айғақтайды.

Марабайдан хатқа түскен жырдың мәтіні ел ішінде жазбаша да таралған болуы тиіс. Жырды айтқан көп жыршылар сол жазбаша көшірмелерден жаттап алып таратқан тәрізді. Біз салыстырған қазақ нұсқаларының бір-бірімен мұншалықты ұқсастығы осы негізде ғана жүзеге асуы мүмкін. Егер жазбаша мәтін негіз болмаса, әр жыршы өзі ұмытқан тұстарға тыңнан өзгерістер жасаған болар еді. Р.Игнатъев варианты осы сияқты жазбадан жатталып айтылғаны байқалады. Ол жаттап алып айтқан жыршыдан екінші рет хатқа түскен. О.Нұрмағамбетова дерегіне сүйенсек, бұны айтқан Қазақбай жырау.

Орынбор өңірінде кейінгі кезде Қазақбай редакциясы көбірек тараған сияқты. Оны А.Байтұрсынов нұсқасындағы кейінгі толықтырулар көрсетіп отыр. А.Байтұрсыновтағы Радлов және Мәшһүр Жүсіп нұсқаларында жоқ тұстардың Р.Игнатъев вариантымен сәйкес келуі көп жайдан хабар береді. Мәшһүр Жүсіп жазбасындағы түсініксіз жолдар мен кемшін тұстарды жыршылар аузынан қайта толықтырған кезде, Қазақбай өңдеуі бойынша айтылған жырдың негізге алынғандығы байқалады. А.Байтұрсынов өз нұсқасын Қазақбайдың өзінен немесе Көшелек ақыннан толықтырған болуы ықтимал.

А.Байтұрсынов варианты әдеби өңдеуден өткендіктен, оны табиғи қалпы сақталмаған, жасанды нұсқа деп бағалауға болады. Сондай-ақ

Мәшһүр Жүсіп вариантында да ақынның жеке қолтанбасы көп. Радлов вариантының да бастапқы хатқа түскен қалпын сақтап қалуы күмәнді. Өйткені жариялау барысында бұл нұсқаға да редакция жасалған болуы мүмкін. Орыс тіліндегі “Қазақ әдебиеті тарихының” фольклорға арналған I томының эпос жөніндегі тарауын жазған Н.Смирнова осы ойға негіз боларлық дерек айтады: “Н.И.Ильминский 1862 жылы Қазанда өзі тапқан “Ер Тарғын” эпосын жариялады. Н.И. Ильминский мен Ш.Ш.Уәлихановтан сөл кейінірек жазып алу ісіне В.В.Радлов кірісті. Ол әйтеуір бір жыршының ауызша айтуын тындай отырып, шамасы, молдадан жазылып алынған болуы тиіс Н.И.Ильминский қолжазбасының тілін түзетті” [17,237-238]. Н.Смирнова осы ойын өзі жазған “Қазақ әдебиеті тарихының” қазақшасындағы осыған сәйкес тарауда да айтады. Бұл жерде ол түзетілді деп “Ер Тарғынмен” бірге “Ер Сайынды” да қоса атайды [18]. Бірақ Радловтың жырды қандай жыршыдан тындағаны мәлім емес.

Біздің ойымызша, Радлов “Ер Тарғынды” осылай өңдеген болуы мүмкін. Ал “Ер Сайынның” мәтінін түзетуге оған жәрдем берген М.Ж.Көпеев болуы керек. Жырдың Ильминский жаздырған мәтінінде діни ұғым-түсініктер көп болған сияқты. Н.Смирнованың оны “молдадан жазылып алуы тиіс” деп болжауы жайдан-жай емес. Мұны Р.Игнатъев вариантында да діни түсініктердің көбірек кездесуінен де аңғарамыз. Ал Мәшһүр Жүсіп өңдеу жұмысын бұдан кейін де бірнеше рет атқарған тәрізді. Оның нұсқасының Радлов вариантынан аздаған айырмашылығы осылай пайда болғаны күмән туғызбайды.

Жырдың басқа нұсқаларының да хатқа түскен осы мәтіндерден бастау алғаны оладың арасындағы сюжеттік желіде ерекше айырмашылықтың жоқтығынан көрінеді. Осы салыстырулар нәтижесінен көп жайдың басын аша аламыз.

Егер Марабай нұсқасы дер кезінде қағазға түспесе, “Ер Сайын” жырының ұмытылып кету қаупі болғаны аңғарылады. Осыдан келіп, жырдың айтылу өрісінің XIX ғасырдың орта шенінде тарыла бастағаны айқындала түседі. Оның түрлі тарихи-әлеуметтік себептері бар. Алайда ол басқа бір өңгіменің өзегі.

ӘДЕБИЕТ

1. Бозмұнай // ӘӨИ. 105-п. 3-дөп.
2. Қазақ фольклористикасының тарихы (революцияға дейінгі кезең). Алматы, 1988. 105-б.
3. *Дербисалина Ж.* В.В.Стасов о казахском эпосе. // Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. 1988. N 1. С. 21-27.
4. *Radloff.* Proben der Volks-litteratur der turkiscen Stamme Sud-Sid-Sibiriens. Petersburg, 1866. III.
5. Ер Сайын // ӘӨИ. 105-п. 2-дөп.
6. Ақын-жыраулар (М.Т.Дүйсенов редакторлығымен). Алматы, 1973. 54-б.
7. *Нурмагамбетова О.* Некоторые вопросы сопоставительного изучения казахского эпоса // Вопросы казахской филологии. Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1964. С. 77-86.
8. Қазақ әдебиеті тарихы. Қазақ халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1960. I т., I кіт. 32-б.
9. *Исмаилов Е.* Ақыны. Алматы, 1957. С. 331.
10. ОҒК. 1177-п. 297-б.
11. *Көпеев М. Ж.* Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Екі томдық. Алматы, 1992. 2 т. 170-215-бб.
12. Ел қазынасы – ескі сөз (В. В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). Алматы, 1994. 206-249-бб.
13. *Жүсіпов Н. Қ.* XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. Павлодар, 2003. 183-б.
14. *Байтұрсынұлы А.* Ер Сайын. М., 1926.
15. *Байтұрсынұлы А.* Ақ жол: Өлендер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу (Құраст. Р. Нұрғалиев). Алматы, 1991. 12-б.
16. Ер Сайын // Қаба ауданының қисса-дастандары. 2 кіт. Ақши (ҚХР), 1992. 258-б.
17. История казахской литературы. Казахский фольклор. Алматы, 1968. Т. I. С. 351-352.
18. Қазақ әдебиеті тарихы. Қазақ халық ауыз әдебиеті. Алматы, I т. I кіт. 1960. 286-б.